

Кейбір бұйрықтарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 2026 жылғы 30 маусымдағы № 362/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 1 шілдеде № 39183 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 12.07.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі "Ғарыш объектілерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын және ғарыш объектілері тіркелімінің нысанын бекіту туралы" № 484 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11382 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Ғарыш қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 11) тармақшасына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 9 қазандағы № 846 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 30) және 48) тармақшаларына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ғарыш объектілерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Ғарыш объектілерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ғарыш қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 11) тармақшасына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 9 қазандағы № 846 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 30) және 48) тармақшаларына сәйкес әзірленген және ғарыш объектілерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу тәртібін айқындайды.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Ғарыш объектілерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Аэроғарыш комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жүзеге асырады.";

6-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) мемлекеттік қызметті алу үшін осы Қағидаларға 2 және 3-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша өтінішті (бұдан әрі – өтініш) және "Ғарыш объектілерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көзделген құжаттар топтамасын Тізбенің 8-тармағына сәйкес "цифрлық үкімет" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) арқылы жолдайды.";

7-тармақтың 3) тармақшасының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3) осы Қағидалардың 7-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген мәліметтерді тексеру қорытындысы бойынша көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері мынадай іс-әрекет жасайды:

Ғарыш объектілерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу кезінде осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес ғарыш объектісін мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті рәсімдейді не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту дайындайды және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-сымен қолы қойылған электрондық құжат нысанындағы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін жолдайды.";

9-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 68-бабында, 132-бабының 1-тармағының 11) тармақшасында көзделген операцияны жүргізу кезінде ғарыш объектісіне құқықтарды өзгертуді (құқықтар ауыртпалығын) мемлекеттік тіркеу үшін Тізбенің 8-тармағына сәйкес құжаттар ұсынылады.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Ғарыш объектісі жойылған немесе кәдеге жаратылған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші мүддесінде ғарыш объектісінің мемлекеттік тіркелуін жүзеге асырған тұлғаның осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес өтініші негізінде ғарыш объектілерінің тіркеліміне тиісті жазба енгізеді.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Көрсетілетін қызметті беруші цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мониторингі цифрлық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар және хабарламалар мемлекеттік цифрлық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде, оның көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге мониторинг цифрлық жүйесіне автоматты түрде түседі.";

19-тармақтың жетінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Ғарыш объектісін және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеуден бас тартуға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотта шағым жасауға болады.";

1, 2, 3, 4, 5 және 6-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5 және 6-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі "Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларын бекіту туралы" № 140/НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20424 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН .";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 10-бабының 1) тармақшасына, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) көрсету тәртібін айқындайды.";

2-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін цифрлық объект;"

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Аэроғарыш комитеті (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.";

4-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы Қағидаларға 2, 3, 4 және 5-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия (бұдан әрі - лицензия) алу немесе қайта рәсімдеу үшін жеке және заңды тұлғалардың өтінішін (бұдан әрі - өтініш);";

5-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттардың, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені) туралы, дара кәсіпкердің мемлекеттік тіркелгені туралы, бюджетке лицензиялық алымның төленгені туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.";

7-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жеке тұлға-көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) өзгерген";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Көрсетілетін қызметті беруші цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мониторингі цифрлық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар және хабарламалар мемлекеттік цифрлық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде, оның көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге мониторинг цифрлық жүйесіне автоматты түрде түседі.";

1, 2, 3, 4, 5 және 6-қосымшалар осы бұйрыққа 7, 8, 9, 10, 11 және 12-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Ғарыш қызметі саласындағы әкімшілік деректерді жинақтауға арналған нысандарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2024 жылғы 15 тамыздағы № 493/НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34940 болып тіркелген) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақта:

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының Жерді қашықтықтан зондтаудың орта шешімді алмастырушы спутниктерін құрудың аяқталу деңгейі бойынша мәліметтер";";

10), 12), 13) және 14) тармақшалары алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 15), 16) және 17) тармақшалармен толықтырылсын:

15) осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының Жерді қашықтықтан зондтаудың жоғары шешімді алмастырушы спутниктерін құрудың аяқталу деңгейі бойынша мәліметтер";

16) осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының ғарыштық байланыс жүйесін құрудың аяқталу деңгейі бойынша мәліметтер";

17) осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес "Кешенді және ұшу сынақтарының барлық кезеңдерінен өткен "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешені бойынша мәліметтер.";

осы бұйрыққа 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21 және 22-қосымшаларға сәйкес 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9 және 11-қосымшалар жаңа редакцияда жазылсын;

10, 12, 13 және 14-қосымшалар алынып тасталсын;

осы бұйрыққа 23, 24 және 25-қосымшаларға сәйкес 15, 16 және 17-қосымшалармен толықтырылсын.

4. Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Аэроғарыш комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министріне жүктелсін.

6. Осы бұйрық 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары
– Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрі

Ж. Мадиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің
орынбасары –
Жасанды интеллект
және цифрлық
даму министрі
2026 жылғы 30 маусымдағы
№ 362/НҚ Бұйрыққа
1-қосымша
Ғарыш объектілерін және
оларға құқықтарды мемлекеттік
тіркеу қағидаларына
1-қосымша

"Ғарыш объектілерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы: Ғарыш объектілерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Аэроғарыш комитеті
2	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін өтініштерді қабылдау және нәтижелерін ұсыну www.egov.kz "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	Көрсету мерзімі – 5 (бес) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Электрондық (ішінара цифрландырылған)
5	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	Ғарыш объектісінің мемлекеттік тіркелгені туралы куәлік, ғарыш объектісіне құқық ауыртпалығының тіркелгенін растайтын ғарыш объектілері тіркелімінен үзінді, ғарыш объектісінің жойылған немесе кәдеге жаратылған фактіні растайтын ғарыш объектілері тіркелімінен үзінді, не осы Тізбеде көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелденген бас тарту туралы жауап.
	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы	

6	мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
7	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 8.00-ден 17.30-ға дейін; 2) порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерден басқа, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Кодекске сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштер мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады). Мемлекеттік қызмет көрсетілетін мекенжайлар: 1) көрсетілетін қызметті берушінің www.gov.egov.kz интернет-ресурсының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде; 2) порталда орналастырылған.
		1) ғарыш объектілерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу үшін: осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы ғарыш объектісін мемлекеттік тіркеу туралы өтініш; ғарыш объектісіне құқық белгілейтін құжаттың электрондық нұсқасы. 2) ғарыш объектісіне құқықтардың өзгергенін (құқықтардың ауыртпалығын) мемлекеттік тіркеу үшін:

Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы ғарыш объектісіне құқықтардың (құқықтар ауыртпалығының) өзгеруін мемлекеттік тіркеу туралы өтініш;

активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру туралы шарттың, екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын ұйымның активтер мен талап ету құқықтарын сатып алуын көздейтін шарттың (тапсыру актісі немесе одан үзінді-көшірме қоса беріле отырып), талап ету құқықтарын (талаптарын) басқаға беру туралы талапты қамтитын шарттың нотариат куәландырған көшірмелері;

ғарыш объектісін және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу үшін алым сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат.

3) ғарыш объектілері тіркеліміне ғарыш объектісінің жойылған немесе кәдеге жаратылған фактісін растайтын жазба енгізу үшін:

осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

ғарыш объектісінің жойылған немесе кәдеге жаратылған фактісін растайтын құжаттардың көшірмелері.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттардың, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені) туралы, көрсетілетін қызметті алушының дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы, тіркеу алымының төленгені туралы, ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензиясы туралы мәліметтерді

		көрсетілетін қызметті беруші "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.
9	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер	1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік тіркеу үшін қажетті құжаттардың толық емес топтамасын ұсынуы; 2) көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес келмейтін құжаттарды ұсынуы; 3) ғарыш объектісіне билік етуді шектейтін немесе жоятын ғарыш объектісіне берілетін құқық ауыртпалығының болуы; 4) ғарыш объектісіне билік ету құқығын шектейтін немесе жоятын заңды күшіне енген сот шешімі; 5) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметті көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін, қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмағанда мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтерді көрсетуден бас тартады. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себептерін жойған кезде, көрсетілетін қызметті алушы осы қосымшада белгіленген тәртіппен мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметті алу үшін қайта жүгінеді. Осы тармақтың 3) тармақшасының талабы "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 68-бабында, 132-бабының 1-тармағының 11) тармақшасында көзделген операцияны жүргізген жағдайда ғарыш объектісін және оған

		құқықтарды мемлекеттік тіркеу кезінде қолданылмайды.
10	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	1. Мемлекеттік қызметті көрсету мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің www.gov.egov.kz интернет-ресурсының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған. 2. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік қызметті алу мүмкіндігі бар. 3. Көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша Бірыңғай байланыс орталығынан мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар. 4. Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көзі нашар көретіндерге арналған нұсқа қолжетімді. 5. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтің байланыс телефондары көрсетілетін қызметті берушінің www.gov.egov.kz интернет-ресурсының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрі
2026 жылғы 30 маусымдағы
№ 362/НҚ Бұйрыққа
2-қосымша
Ғарыш объектілерін және
оларға құқықтарды мемлекеттік
тіркеу қағидаларына
2-қосымша

Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігінің
Аэроғарыш комитеті

Ғарыш объектісін мемлекеттік тіркеу туралы өтініш

_____ тиесілі
(мүддесінде мемлекеттік тіркеу жүзеге асырылатын тұлға және оның тіркелген жері)
_____ ғарыш объектісін
(ғарыш объектісінің тағайындалуы мен оның жалпы мақсаты)
Ғарыш объектілерінің тіркеліміне және _____
_____ негізінде

(құқық белгілейтін құжаттың атауы)
оған құқықты* тіркеуіңізді сұраймын.

Ғарыш объектісінің ұшырылатын (болжамды ұшырылатын) күні және жері:

" ____ " _____

Орбитаның негізгі параметрлері: апогей, км _____ перигей, км _____
еңіс бұрышы, град. _____ айналу кезеңі, сек. _____

Қосымша мәліметтер: _____

Өтінішке келесі құжаттарды қоса беремін: _____

(көрсетілетін қызметті алушы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты) (ол болған жағдайда)
20 ____ ж. " ____ " _____

Ескертпе: * Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларына тиесілі
ғарыш объектісіне қатысты толтырылады

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрі
2026 жылғы 30 маусымдағы
№ 362/НҚ Бұйрыққа
3-қосымша
Ғарыш объектілерін және
оларға құқықтарды
мемлекеттік тіркеу
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және

цифрлық даму министрлігінің
Аэроғарыш комитеті

Ғарыш объектісіне құқықтардың (құқықтар ауыртпалығының) өзгеруін мемлекеттік тіркеу туралы өтініш

_____ тиесілі
(мүддесінде мемлекеттік тіркеу жүзеге асырылатын тұлға және оның тіркелген жері)
_____ ғарыш объектісін
(ғарыш объектісінің тағайындалуы мен оның жалпы мақсаты)

Ғарыш объектілерінің тіркеліміне және _____
_____ негізінде
(құқық белгілейтін құжаттың атауы)
оған құқықты* тіркеуіңізді сұраймын.

Ғарыш объектісінің ұшырылатын (болжамды ұшырылатын) күні және жері:

" ____ " _____

Орбитаның негізгі параметрлері: апогей, км _____ перигей, км _____

еңіс бұрышы, град. _____ айналу кезеңі, сек. _____

Қосымша мәліметтер: _____

Өтінішке келесі құжаттарды қоса беремін: _____

(көрсетілетін қызметті алушы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты) (ол болған жағдайда)

20 ____ ж. " ____ " _____

Ескертпе: * Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларына тиесілі ғарыш объектісіне қатысты толтырылады

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрі
2026 жылғы 30 маусымдағы
№ 362/НҚ Бұйрыққа
4-қосымша
Ғарыш объектілерін және
оларға құқықтарды
мемлекеттік тіркеу
қағидаларына
4-қосымша

Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігінің
Аэроғарыш комитеті

Ғарыш объектісін мемлекеттік тіркеу туралы №_____ куәлік

1. Ғарыш объектісінің тағайындалуы және оның жалпы мақсаты	2. Ғарыш объектісінің тіркеу нөмірі	3. Ұшырылған күні және орны	4. Орбитаның негізгі параметрлері
--	-------------------------------------	-----------------------------	-----------------------------------

5. Тіркелген құқық түрі: * _____

(құқық белгілейтін құжаттың атауын көрсете отырып)

6. Мүддесінде мемлекеттік тіркеу жүзеге асырылатын тұлға _____

7. Осы арқылы ғарыш объектісінің белгіленген тәртіппен Ғарыш объектілерінің тіркелімінде тіркелгендігі расталады.

(көрсетілетін қызметті берушінің басшысы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты) (ол болған жағдайда)

20__ж. " __ " _____

Ескертпе: * Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларына тиесілі ғарыш объектісіне қатысты толтырылады

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрі
2026 жылғы 30 маусымдағы
№ 362/НҚ Бұйрыққа
5-қосымша
Ғарыш объектілерін және
оларға құқықтарды мемлекеттік
тіркеу қағидаларына
5-қосымша

Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігінің
Аэроғарыш комитеті

Ғарыш объектілерінің тіркелімінен үзінді

№ _____ " _____ " _____

_____ (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), туған күні және жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) (ол болған жағдайда))

— — — — —

занды тұлғаның атауы және бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) (ол болған жағдайда), оның өкілінің тегі, аты, әкесінің аты) (ол болған жағдайда)

1. Төмендегі ғарыш объектісіне:

Ғарыш объектісінің тағайындалуы және жалпы мақсаты	Ғарыш объектісінің тіркеу нөмірі	Ұшырылған күні және орны	Орбитаның негізгі параметрлері
--	----------------------------------	--------------------------	--------------------------------

мынадай құқық тіркелгенін:

Құқық түрі	Мазмұны	Құқық иесі	Ортақ меншік нысаны, үлесі	Құқықтың туындау негіздемесі	Тіркелген күні, уақыты
------------	---------	------------	----------------------------	------------------------------	------------------------

мынадай құқық ауыртпалығы тіркелгенін:

Ауыртпалықтың түрі	Мазмұны	Құқық иесі немесе уәкілетті орган (мүдделі тұлға)	Ортақ меншік нысаны, үлесі	Ауыртпалықтың пайда болуының негіздемесі	Тіркелген күні, уақыты
--------------------	---------	---	----------------------------	--	------------------------

растау үшін берілді.

2. Жоғарыда көрсетілген ғарыш объектісі көрсетілетін қызметті алушының өтініші негізінде жойылғанын/кәдеге жаратылғанын растау үшін берілді.

Басшы: _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты) (ол болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрі
2026 жылғы 30 маусымдағы
№ 362/НҚ Бұйрыққа
6-қосымша
Ғарыш объектілерін және
оларға құқықтарды
мемлекеттік тіркеу
қағидаларына
6-қосымша

Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және цифрлық
даму министрлігінің
Аэроғарыш комитеті

Өтініш

Ғарыш объектілерінің тіркеліміне _____

(мүддесі үшін мемлекеттік тіркеу жүзеге асырылатын тұлға және оның мекенжайы)
_____ тиесілі

(ғарыш объектісінің тағайындалуы мен оның жалпы мақсаты)
20__ ж. "____" _____ тіркеу №____ ғарыш объектісінің жойылғаны (кәдеге жаратылғаны)
туралы тиісті жазба енгізуіңізді сұраймын.
Өтінішке келесі құжаттарды қоса беремін: _____

(өтініште көрсетілген жайттарды растайтын құжаттар)

(көрсетілетін қызметті алушы және оның мекенжайы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)
(ол болған жағдайда)
20__ ж. "____" _____

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрі
2026 жылғы 30 маусымдағы
№ 362/НҚ Бұйрыққа
7-қосымша
"Ғарыш кеңістігін пайдалану
саласындағы қызметті
жүзеге асыруға лицензия беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет қағидаларына
1-қосымша

"Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия беру"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Аэроғарыш комитеті
2	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштер қабылдау және нәтижелерін ұсыну www.egov.kz "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал) жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	Лицензия беру кезінде 7 (жеті) жұмыс күні; лицензияны қайта ресімдеу кезінде 3 (үш) жұмыс күні. Көрсетілетін қызметті беруші ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Ұсынылған құжаттардың толық

		емес болу фактісі анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті бұдан әрі қараудан уәжделген бас тарту береді.
4	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Электрондық (толық цифрландырылған)
5	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжделген бас тарту туралы жауап. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық. Көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының " жеке кабинетіне" жолданады және сақталады.
6	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым төленеді, ол Қазақстан Республикасының Салық Кодексіне сәйкес: лицензияны бергені үшін – 186 айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК); лицензияны қайта ресімдегені үшін – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және алымды төлеу күні қолданыстағы АЕК мөлшеріне қарай лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10%-ын құрайды. Төлеу екінші деңгейлі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда, сондай-ақ " цифрлық үкімет" төлем шлюзінің көмегімен портал арқылы жүзеге асырылады.

7	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 8.00-ден 17.30-ға дейін; 2) порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерден басқа, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Кодекске сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштер мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады). Мемлекеттік қызметті көрсету мекенжайлары: 1) көрсетілетін қызметті берушінің www.gov.egov.kz интернет-ресурсының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде; 2) порталда орналастырылған.
8	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	1) лицензия алу үшін: осы Қағидаларға 2 және (немесе) 3 -қосымшаларға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы лицензия алу үшін жеке немесе заңды тұлғасының өтініші; осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызмет үшін біліктілік талаптары мен олардың сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесіне мәліметтер нысаны; 2) лицензияны қайта ресімдеу үшін: осы Қағидаларға 4 және (немесе) 5 -қосымшаларға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы лицензияны қайта ресімдеу үшін

		жеке немесе заңды тұлғасының өтініші.
9	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер	1) Қазақстан Республикасының заңдарында жеке немесе заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынған; 2) лицензиялық алым енгізілмеген ; 3) көрсетілетін қызметті алушы біліктілік талаптарына сәйкес келмеген; 4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оларға тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған; 5) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот көрсетілетін қызметті алушы-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салған; 6) көрсетілетін қызметті алушы лицензия алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігі анықталған жағдайда; 7) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметті көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін, қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмағанда мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтерді көрсетуден бас тартады. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тарту себептерін жойған кезде, көрсетілетін қызметті алушы осы қосымшада белгіленген тәртіппен

		мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметті алу үшін қайта жүгінеді.
10	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қойылатын өзге де талаптар	1. Мемлекеттік қызметті көрсету мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің www.gov.egov.kz интернет-ресурсының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған. 2. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік қызметті алу мүмкіндігі бар. 3. Көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша Бірыңғай байланыс орталығынан мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар. 4. Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көзі нашар көретіндерге арналған нұсқа қолжетімді. 5. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтің байланыс телефондары көрсетілетін қызметті берушінің www.gov.egov.kz интернет-ресурсының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрі
2026 жылғы 30 маусымдағы
№ 362/НҚ Бұйрыққа
8-қосымша
"Ғарыш кеңістігін пайдалану
саласындағы қызметті жүзеге
асыруға лицензия беру"

Лицензияны алуға арналған жеке тұлғаның өтініші

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)
Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензияны беруіңізді сұраймын.

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы _____
(пошталық индексі,

облысы, қаласы, ауданы, елдімекені, көше атауы, үй немесе ғимарат нөмірі)

Электрондық пошта _____ Тел (Факс) _____ Банк шоты

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елдімекені, көше атауы, үй немесе ғимарат

(стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

_____ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен: көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты

жіберуге болатындығы; көрсетілетін қызметті алушыға қызметтің лицензияланатын түрімен

айналысуға сот тыйым салмайтыны; қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес

келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады; көрсетілетін қызметті алушы лицензияны беру кезінде цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Жеке тұлға _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Толтыру күні: 20__ жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрі
2026 жылғы 30 маусымдағы
№ 362/НҚ Бұйрыққа
9-қосымша
"Ғарыш кеңістігін пайдалану
саласындағы қызметті жүзеге
асыруға лицензия беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет қағидаларына
3-қосымша

Лицензияны алуға арналған заңды тұлғаның өтініші

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН), заңды тұлғаның БСН болмаған жағдайда - шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің БСН)

Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензияны беруіңізді сұраймын.

Заңды тұлғаның мекенжайы

(пошталық индексі, елі (шетелдік заңды тұлға үшін), облысы, қаласы, ауданы, елдімекені, көше атауы, үй немесе ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)
Электрондық пошта _____ Тел (Факс) _____ Банк шоты _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елдімекені,

көше атауы, үй немесе ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

_____ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен: көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және

оларға лицензияны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты

жіберуге болатындығы; көрсетілетін қызметті алушыға қызметтің лицензияланатын түрімен

айналысуға сот тыйым салмайтыны; қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес

келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады; лицензияны беру кезінде цифрлық

жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес

деректерді пайдалануға келісімін береді.

Басшы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Толтыру күні: 20__ жылғы "____" _____

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрі
2026 жылғы 30 маусымдағы
№ 362/НҚ Бұйрыққа
10-қосымша
"Ғарыш кеңістігін пайдалану
саласындағы қызметті жүзеге
асыруға лицензия беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет қағидаларына
4-қосымша

Лицензияны қайта ресімдеуге арналған жеке тұлғаның өтініші

—
(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға

20__ жылғы "____" _____ № _____, _____

(лицензияның нөмірі, берілген күні, лицензияны берген көрсетілетін қызметті берушінің атауы)

берілген лицензияны мынадай негіз(дер) бойынша (тиісті жолға X қою қажет):

1) жеке тұлға - көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) өзгеруі _____

2) жеке кәсіпкер - көрсетілетін қызметті алушының қайта тіркелген, оның атауы өзгеруі _____

3) жеке кәсіпкер - көрсетілетін қызметті алушының қайта тіркелген, оның заңды мекенжайы өзгеруі _____

4) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда _____

5) қызмет түрінің атауы өзгеруі _____

қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы _____

_____ (пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елдімекені, көше атауы, үй немесе ғимарат нөмірі)

Электрондық пошта _____ Тел (Факс) _____

Банк шоты _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы _____

_____ (пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елдімекені, көше атауы, үй немесе ғимарат (стационарлық үй-жайлар нөмірі)

_____ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен: көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және

оларға лицензияны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты

жіберуге болатындығы; көрсетілетін қызметті алушыға қызметтің лицензияланатын түрімен

айналысуға сот тыйым салмайтыны; қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес

келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады; көрсетілетін қызметті алушы лицензияны беру кезінде цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Жеке тұлға _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Толтыру күні: 20__ жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрі
2026 жылғы 30 маусымдағы
№ 362/НҚ Бұйрыққа
11-қосымша
"Ғарыш кеңістігін пайдалану
саласындағы қызметті
жүзеге асыруға лицензия беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет қағидаларына
5-қосымша
Нысан

Лицензияны қайта ресімдеуге арналған заңды тұлғаның өтініші

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы, бизнес- сәйкестендіру нөмірі (БСН), заңды тұлғаның БСН болмаған жағдайда – шетелдік

заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің БСН)

Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға

20__ жылғы " ____ " _____ № _____, _____

(лицензияның нөмірі, берілген күні, лицензияны берген көрсетілетін қызметті берушінің атауы)

берілген лицензияны мынадай негіз(дер) бойынша (тиісті жолға X қою қажет):

1) заңды тұлға - көрсетілетін қызметті алушы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес (тиісті X жолға қою қажет):

бірігу _____ қайта құру _____ қосылу _____ бөліп шығару _____ бөліну _____ жолымен қайта ұйымдастырылуы

2) заңды тұлға - көрсетілетін қызметті алушы атауының өзгеруі _____

3) заңды тұлға - көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жерінің өзгеруі _____

4) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда _____

5) қызмет түрінің атауы өзгеруі _____ қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Заңды тұлғаның мекенжайы

(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, БСН, заңды тұлғаның

БСН болмаған жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің БСН)

Электрондық пошта _____ Тел (Факс) _____

Банк шоты _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

(пошталық индексі, елі (шетелдік заңды тұлға үшін), облысы, қаласы, ауданы, елдімекені,

көше атауы, үй немесе ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

_____ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен: көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және

оларға лицензияны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты

жіберуге болатындығы; көрсетілетін қызметті алушыға қызметтің лицензияланатын түрімен

айналысуға сот тыйым салмайтыны; қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес

келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады; көрсетілетін қызметті алушы лицензияны беру кезінде цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Басшы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Толтыру күні: 20__ жылғы "____" _____

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрі
2026 жылғы 30 маусымдағы
№ 362/НҚ Бұйрыққа
12-қосымша
"Ғарыш кеңістігін пайдалану
саласындағы қызметті
жүзеге асыруға лицензия беру"
мемлекеттік көрсетілетін

Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызмет үшін біліктілік талаптары мен олардың сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесіне мәліметтер нысаны

1. Жеке тұлғалар (дара кәсіпкерлер) үшін:

1) Лицензияланатын қызмет түрінің бейіні бойынша жоғары білімінің және тиісті салада

кемінде үш жыл жұмыс өтілінің болуы туралы ақпарат:

мамандығы және біліктілігі _____;

лицензияланатын қызмет түрінің бейіні бойынша жоғары білімі туралы дипломның нөмірі және берілген күні _____;

шетелдік ұйымдары берген білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау бойынша мәлімет _____;

білім туралы құжатты берген ұйымның атауы, берген күні _____

_____;

жұмыс орны _____;

кезеңі, атқаратын лауазымдары _____;

жұмысқа қабылданғаны және жұмыстан босатылғаны туралы бұйрықтың нөмірі мен күні

және (немесе) еңбек шартының нөмірі және күні _____

_____;

сертификаттың, жеке куәліктің, куәліктің нөмірі, берілген күні және оны берген ұйымның

атауы, сондай-ақ оқу курсының тақырыбы (ол болған жағдайда)

_____;

2) Меншік құқығында немесе өзге заңды негізде техникалық-өндірістік базасының (үй-жайлардың немесе арнайы зертханалық немесе стенділік немесе өндірістік немесе технологиялық немесе сынақтық және өлшегіш жабдықтың немесе бақылау-тексеру аппаратурасының) болуы туралы ақпарат:

техникалық-өндірістік базаны сатып алу-сату немесе сыйға тарту немесе мүліктік жалға алу

(жалдау) немесе ақысыз пайдалану немесе сенімгерлік басқару немесе тапсыру туралы шарттың нөмірі _____;

техникалық-өндірістік базаның немесе үй-жайдың орналасқан жері

_____;

шарт жасасқан күн _____;

шарт кіммен жасалды _____;

арнайы зертханалық немесе стендітік немесе өндірістік немесе технологиялық немесе

сынақтық және өлшегіш жабдық немесе бақылау-тексеру аппаратурасы паспортының нөмірі

және күні _____;
_____;

паспорт берген орган _____;
жабдықтың тағайындалуы _____;

сертификаттың нөмірі, күні, берген орган, салыстырып тексеру (калибрлеу) туралы сертификаттың қолданыс мерзімі (ол болған жағдайда)
_____;

3) Бекітілген техникалық жобаның болуы туралы ақпарат:

техникалық жобаның атауы _____;
жобаның негізгі мақсатының қысқаша мазмұны _____;
технологиялық процестің сипаттамасы _____;
өндіріс өрістетілетін немесе қызметтер көрсетілетін аумақ _____;
_____;

техникалық жобаны кім бекіткен _____;

техникалық жобаның бекітілген күні _____.

2. Заңды тұлғалар үшін:

1) Ұйым басшысында жоғары білімінің және басшы лауазымында кемінде үш жыл жұмыс

өтілінің болуы туралы ақпарат:

мамандығы және біліктілігі _____;

жоғары білімі туралы дипломның нөмірі және берілген күні _____;

жоғары білімі туралы диплом берген оқу мекемесінің атауы
_____;

жұмыс орны _____;

лауазымы _____;

ұйымның орналасқан жері _____;

жұмысқа қабылданғаны және жұмыстан босатылғаны туралы бұйрықтың нөмірі мен күні

және (немесе) еңбек шартының нөмірі және күні _____;
_____;

сертификаттың, жеке куәліктің, куәліктің нөмірі, берілген күні және оны берген ұйымның

атауы, сондай-ақ оқу курсының тақырыбы (ол болған жағдайда)
_____.

2) Штатта тиісті салада кемінде үш жыл жұмыс өтілімен лицензияланатын қызмет түрінің

бейіні бойынша жоғары білімі бар мамандардың кемінде 10% болуы туралы ақпарат:

штаттық кесте бойынша мамандардың жалпы саны (бірлік) _____;
лицензияланатын қызмет түрінің бейіні бойынша жоғары білімі бар мамандар саны _____;
лицензияланатын қызмет түрінің бейіні бойынша жоғары білімі бар мамандардың тегі, аты,
әкесінің аты (ол болған жағдайда), олардың мамандықтары және біліктілігі _____;
лицензияланатын қызмет түрінің бейіні бойынша жоғары білімі бар әрбір маманның жұмыс орны _____;
лицензияланатын қызмет түрінің бейіні бойынша жоғары білімі бар әрбір маманның лауазымы _____;
лицензияланатын қызмет түрінің бейіні бойынша жоғары білімі бар әрбір маманның жұмысқа қабылданғаны және жұмыстан босатылғаны туралы бұйрықтың нөмірі және күні
және (немесе) еңбек шартының нөмірі мен күні _____;
сертификаттың, жеке куәліктің, куәліктің нөмірі, берілген күні және оны берген ұйымның атауы, сондай-ақ лицензияланатын қызмет түрінің бейіні бойынша жоғары білімі бар әрбір маманның оқу курсының тақырыбы (ол болған жағдайда) _____.

3) Меншік құқығында немесе өзге заңды негізде техникалық-өндірістік базасының (үй-жайлардың немесе арнайы зертханалық немесе стенділік немесе өндірістік немесе технологиялық немесе сынақтық және өлшегіш жабдықтың немесе бақылау-тексеру аппаратурасының) болуы туралы ақпарат:

техникалық-өндірістік базаны сатып алу - сату немесе сыйға тарту немесе мүліктік жалға алу

(жалдау) немесе ақысыз пайдалану немесе сенімгерлік басқару немесе тапсыру туралы шарттың нөмірі _____;

техникалық-өндірістік базаның немесе үй-жайдың орналасқан жері _____;

шарт жасасқан күн _____;

шарт кіммен жасалды _____;

арнайы зертханалық немесе стенділік немесе өндірістік немесе технологиялық немесе сынақтық және өлшегіш жабдық немесе бақылау-тексеру аппаратурасы паспортының нөмірі _____

және күні _____;
паспорт берген орган _____;
жабдықтың тағайындалуы _____;
сертификаттың нөмірі, күні, берген орган, салыстырып тексеру (калибрлеу) туралы
сертификаттың қолданыс мерзімі (ол болған жағдайда)

4) Бекітілген техникалық жобаның болуы туралы ақпарат:

техникалық жобаның атауы _____;
жобаның негізгі мақсатының қысқаша мазмұны _____;
технологиялық процестің сипаттамасы _____;
өндіріс өрістетілетін немесе қызметтер көрсетілетін аумақ _____;
техникалық жобаны кім бекіткен _____;
техникалық жобаның бекітілген күні _____.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрі
2026 жылғы 30 маусымдағы
№ 362/НҚ Бұйрыққа
13-қосымша
Қазақстан Республикасы
